

АРАБ-ИЗРАИЛЬ АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР

Такеева Еркежан Еркінқызы

takeeva_01@mail.ru

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»

кафедрасының 2 курс студенті,


Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Араб-Израиль соғысының тарихына тоқталып кететін болсам, Араб-Израиль конфликтінің халықаралық реттелуін ж/е ондағы мемлекеттердің екі лагерьге бөлінуі, өз мүдделерінің іске асырылуын қарастырдым. Израиль мен араб елдері арасында, негізінен, 1948 — 49, 1956, 1967, 1973 және 1982 жылдары болған ірі әскери жанжалдар.

БҰҰ Бас Ассамблеясы Палестина территориясында араб және еврей мемлекеттерін құру жөнінде шешім қабылдаған күні арабтар мен еврейлер арасында алғашқы қақтығыс басталады.

Сурет 1. Араб-Израиль соғысының тарихы




Ол кезде (1947) Палестинада 1,2 млн. араб, 650 мың еврей болды. Палестинадан ағылшын әскерлері әкетілгеннен кейін Израиль мемл-нің құрылғандығы жария етілді (14.5.1948). Оның шекарасы әлі анықталмай тұрып, ертесінде-ақ еврейлер мен арабтар арасында бірінші соғысқа жол ашқан қарулы шайқастар басталып кетті. Израильдің астыртын қарулы күштері арабтар тұратын мекендерге шабуыл жасап, аса қатыгездікпен жүздеген адамдарды қырып салды. Мысыр, Трансиордания, Ирак, Сирия және Ливан әскерлері еврейлерге тиесілі емес оңт. және шығыс Палестинадағы жерлерді басып алды. Израильдықтар Иерусалимге апаратын басты жолға және Мысыр — Палестина шекарасы бойына бақылау орнатты (1949).

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі миссиясының соғысты тоқтату жөніндегі әрекеттері нәтиже бермеді, еврей террористері БҰҰ-ның уәкілі граф Фольк Бернадотты қастандықпен өлтірді. 1949 жылдың ақпан — шілде айларында араб елдері мен Израиль бірнеше бітім келісімдеріне қол қойды. Ол құжаттар бойынша Израильдің уақытша шекарасы анықталып, Газа Мысырдың бақылауында қалды, Трансиордания Иордан өз-нің батыс жағалауындағы жерлердің бір бөлігін қосып алып, Иордания аталды. Иерусалим қ-н араб және еврей аймақтарына бөлу жөніндегі БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімі (29.11.1947) құпталды. Соғыс нәтижесінде Палестина арабтары Израиль басып алған жерлердегі ата қоныстарын тастап кете бастады. 50-жылдардың орта кезінде Мысырпен батыс елдері арасындағы қатынас шиеленісіне түсті. АҚШ Мысырға қысым көрсетпек болып, Асуан бөгетін салуға қаржылай көмек беруден бас тартты. Оған жауап ретінде Мысыр президенті Абдель Насер Суэц каналын мемл. меншігі деп жариялады. Осыдан кейін Лондонда жиналған 22 мемл-тің бас қосуында Суэц каналының бұрынғы халықаралық статусын қалпына келтіру және каналды бірлесіп басқару жөнінде шешім қабылданды. Насер бұл ұсынысты орындаудан бас тартқаннан кейін Израиль, Ұлыбритания мен Франция оны өкімет билігінен күшпен тайдыруға әрекеттенді.

Сурет 2. Араб-Израиль соғыстар

АРАБО-ИЗРАИЛЬСКИЕ ВОЙНЫ




29 қазанда Израиль әскерлері Мысырдың Синай түбегіндегі бекіністеріне шабуыл жасады. Соғысқа Израиль жағында Ұлыбритания мен Франция араласты. 31 қазанда ағылшын-француз қарулы күштері Мысыр жерін бомбалады. Бірақ Суэц каналы мәселесін әскери жолмен шешудің мүмкін еместігі БҰҰ Бас Ассамблеясының отырысында айқын көрінді (1956). Франция мен Ұлыбритания өз әскерлерін алып кетуге мәжбүр болды.


Соғысқа араласқан қатысқан мемлекеттер:

- ❖ АҚШ
- ❖ КСРО
- ❖ ФРАНЦИЯ
- ❖ ҰЛЫБРИТАНИЯ

Сурет 3. Араб-Израиль қақтығысы коннект анализ



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

-  - халықаралық ұйымдар шеңберінде әрекеттесу
-  - келісімдер және одақтас негізіндегі әрекеттесулер
-  - қару-жарақпен көмек көрсету
-  - қайшылықтар
-  - жанама қайшылықтар
-  - өз мүддесіне сәйкес әрекеттесу
-  - маңызды тұлғаны өлтіруі
-  - халықаралық құқық бойынша жақтасу
-  - халықаралық ұйымдар мен келісімдер
-  - реттеу үдерісіне тартылған мемлекеттер
-  - үкіметтік емес акторлар (компаниялар, субъектілер, топтар)

1967 ж. жаңа соғыс өртіне ұласты. Ол тарихқа “алты күндік соғыс” деген атпен енді. 1967 жылдың 5—11 маусымында Израиль көптеген араб қыстақтарын қырғынға ұшыратып, Мысыр, Сирия және Иорданияның 1,5 млн. тұрғыны бар 66642 км² жерін, Иерусалимнің шығыс бөлігін басып алды. Араб елдері АҚШ пен Ұлыбританияға мұнай шығаруды тоқтатып, Суэц каналын жапты. КСРО Израильмен дипломат. қатынастарын үзді. Араб елдері басшыларының Хартумдағы (1967 ж., тамыз-қыркүйек) кездесуі, БҰҰ Бас Ассамблеясының төтенше сессиясы (1967 ж. шілде) Израильдің қарулы күштерінің уақытша бітім шебінен сөзсіз әкетілуін талап етті. 1973 ж. 6-25 қазанда болған үшінші соғыста Мысыр әскерлері Суэц каналынан өтіп, сириялықтар Голан биігінде жеңіске жетті. Алайда, қарсы шабуыл барысында Израиль әскерлері Мысыр майдан шебін бұзып өтіп, сириялықтарды Дамаскіден 30 км кейін шегіндірді. 25 қазанда КСРО мен АҚШ-тың араласуы нәтижесінде Мысыр, Сирия, Израиль арасында бітімге қол қойылды, оның орындалуына бақылау жасау БҰҰ күштеріне тапсырылды. Мысыр 1967 жылғы соғыста айырылып қалған Синай түбегін Мысыртің жаңа президенті Ануар Саадаттың Израильмен жасаған Кэмп-Дэвид келісім шарты нәтижесінде


ғана қайтарып алды (1982). Израиль әскерлері Синай түбегінен әкетілген соң еврейлер мен палестиналық арабтар арасындағы жанжал-қақтығыстар қайта өрбіді. 1982 жылдың маусым айында Израиль тікұшақтары Бейрутты және Палестина азаттық ұйымының базалары орналасқан оңт. Ливанды бомбалады. 14 маусымда Израильдің мұздай қаруланған жаяу әскерлері Ливан жеріне басып кіріп, Бейрутті қоршауға алды. Бұл соғыста да Израиль әскерлері Ливаннан халықар. күштердің талап етуімен шығарылды (1985 ж., маусым). Мұнан кейін де (1987 ж. 9 желтоқсанда, т.б.) Израиль басып алған жерлерде бірнеше қанды оқиғалар болып өтті.

Кесте 1. Халық демографиясы

Топ	Халық саны	Жалпы үлес	өсу жылдамдығы
Еврей	6556000	74,6%	1,7%
Нехаредим:	5522598	62,8%	1,2%
Харедим	1033000	11,8%	5,0%
Арабтар	183700	20,9%	2,1%
Басқалар	400000	4,5%	-

Екі ел арасындағы қақтығыстың бірден-бір себебі-діни қақтығыс.12%-ы "діни" (харедим емес православие, сонымен қатар дати леуми / ұлттық діни немесе діни сионистер деп аталады); 13%-ы өздерін "діни дәстүршіл" деп санайды (негізінен еврей Халахасын ұстанады); 25% - ы "діни емес дәстүршілдер" (тек еврей Халахасын құрметтейді), ал 43% - ы "зайырлы". 1990 жылы ультра-православие немесе харедим Израиль халқының тек 5% құраса да, 2028 жылға қарай олар Израиль еврей халқының бестен бір бөлігін құрайды деп күтілуде. 2020 жылға қарай олар халықтың 12% - ын құрайды. Оған дәлел ретінде төмендегі графикке қарасақ болады:

Сурет 4. Израиль халқының саны



1995 жылға дейін христиандар қатарына басқалар да кірді.

Қорытындылай келсек, жүргізілген талдаудың нәтижесінде, Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) екіжақты қатынастарды қалыпқа келтіру туралы тарихи келісімге қол жеткізді. АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің Twitter-дегі парақшасында мемлекеттердің татуласуы туралы тиісті мәлімдеме жариялады.

Екі ел Келісімге Трамп әкімшілігінің делдалдығымен келді. "Дональд Трамп, [Израильдің] премьер-министрі Биньямин Нетаньяху мен шейх Мұхаммед бин Зайед, Абу-Дабидің мұрагер ханзадасы және БАӘ Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының орынбасары келіссөздер жүргізіп, Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қатынастарды толығымен қалыпқа келтіруге келісті", — делінген хабарламада.

Сондай-ақ, құжатта келісім шарттары бойынша Израиль өз егемендігін Иордан өзенінің батыс жағалауындағы аумаққа тарату туралы шешімді уақытша кейінге қалдыратыны айтылған: "осы дипломатиялық серпіліс нәтижесінде және АҚШ президенті Дональд Трамптың өтініші бойынша БАӘ қолдауымен Израиль "бейбітшілік көрінісі" құжатында көрсетілген аудандарға егемендік жариялауды тоқтатты және араб және мұсылман әлеміндегі басқа елдермен байланыстарды кеңейтуге күш салады"

БАӘ Израильмен толық дипломатиялық қатынастар орнатқан үшінші араб елі болды. Бұрын Египет пен Иордания еврей мемлекетімен бейбіт келісімге келді: сәйкесінше 1979 және 1994 жылдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.СІМ Израиль (https://ru.wikipedia.org/wiki/Министерство_иностраннных_дел_Израиля)
- 2.БҰҰ Қауіпсіздік Кеңес (https://kk.wikipedia.org/wiki/Біріккен_Ұлттар_Ұйымының_Қауіпсіздік_Кеңесі)
3. https://ru.qaz.wiki/wiki/Demographics_of_Israel
- 4.Эпштейн А.Д. "Бесконечное противостояние. Израиль и арабский мир: войны и дипломатия. История и современность" М., ИИИиБВ, 2003, 230 стр.,